

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Жамбыл облысы Талас аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 10 қазандағы № 385 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 қарашада № 2359 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Талас ауданында 2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Талас ауданы әкімінің орынбасары Ғалым Тамабекұлы Қартабаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А у д а н ә к і м і н і ң

міндетін атқарушы *С. Дадабаев*

Т а л а с а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 0 қ а з а н д а ғ ы

№ 385 қаулысына қосымша

2014 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

№	Мектепке дейінгі мемлекеттік ұйымдар	Мемлекеттік білім беру тапсырысы (Бір айға жан басына шаққандығы орын), оның ішінде қаржыландырылатын қаржыландыру мөлшері, (теңге) оның ішінде қаржыландырылатын				Бір айға ата-ананың

		Республикалық нысаналы трансферттер есебінен	Жергілікті бюджет есебінен	Республикалық нысаналы трансферттер есебінен (теңге)	Жергілікті бюджет есебінен (теңге)	ақы төлеу мөлшері
1	Шағын орталықтар (қала)	375		12053		3500
2	Балабақшалар (қала)	610	570	17945	13037	4000
3	Шағын орталықтар (ауыл)	350		13494		3500
4	Балабақшалар (ауыл)	175	640	19555	18666	4000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК